

**“2020 – 2022 жылдарға арналған Жаңадария ауылдық округінің бюджеті туралы”  
Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-8 шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 57-10 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 мамырда № 7487 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

“Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. “2020 – 2022 жылдарға арналған Жаңадария ауылдық округінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-8 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7151 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда “Жалағаш жаршысы” газетіне және 2020 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2020 – 2022 жылдарға арналған Жаңадария ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 45 296 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 431 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 70 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 44 795 мың теңге;

2) шығындар – 45 296 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;  
 қарыздар түсімі – 0;  
 қарыздарды өтеу – 0;  
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.”

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жалағаш аудандық мәслихатының  
 57-сессиясының төрағасы, Жалағаш  
 аудандық мәслихатының хатшысы

М. Еспанов

Жалағаш аудандық мәслихатының  
 2020 жылғы 25 мамыры № 57-10  
 шешіміне қосымша  
 Жалағаш аудандық мәслихатының  
 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-8  
 шешіміне 1-қосымша

## 2020 жылға арналған Жаңадария ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			Атауы	
			Кірістер	45 296
1			Салықтық түсімдер	431
	04		Меншікке салынатын салықтар	431
		1	Мүлікке салынатын салықтар	4
		3	Жер салығы	28
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	399
2			Салықтық емес түсімдер	70
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	70
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	70
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген	0

			мемлекеттік мүлікті сату	
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4			Трансферттердің түсімдері	44 795
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	44795
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	44795
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
			Шығындар	45 296
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20 124
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20124
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19724
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
05			Денсаулық сақтау	45
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45
			Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр	

		002	адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	45
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 826
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1826
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	503
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	309
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1014
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	13 051
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13051
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	13051
13			Басқалар	9 600
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9600
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді	9600

			жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	
15			Трансферттер	650
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	650
		051	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	650
			Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0